

Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі Орталық Комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі 1997 жылғы 24 маусымдағы N 60 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 349. Күші жойылды - ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1998.10.19. N 200 ~V980636 бұйрығымен.

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі Орталық Комиссиясы кен орындарын пайдалану және Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзырлы ұйымы ретінде энергетика және табиғи ресурстар Министрлігі жанындағы (келешекте "Министрлік") алқалы ұйым болып табылады.

1.2. Құзырлы ұйымның атынан ОИК мұнай, газ, газды-конденсатты кен орындарын игеруді және мұнайдың, газдың жер асты қоймаларын пайдалануды, технологиялық құжаттар жобасының сапасын бақылауды жүзеге асырады.

1.3. ОИК өз жұмысында Қазақстан Республикасы заңдарын, "Қазақстан Республикасы мұнай және газ кен орындарын игерудің Бірыңғай Ережелерін", Министрлік пен Мұнай және газ Департаментінің бұйрықтары мен үкімдерін, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. ОИК құрамын Мұнай және газ Департаменті Директорының ұсынысы бойынша энергетика және табиғи ресурстар Министрлігі бекітеді. ОИК құрамына, келісім бойынша, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері кіреді.

1.5. ОИК қызметін ұйымдастыру, кеңсе істерін жүргізу, деректер мен құжаттарын жинау, мен сақтау жұмыстарын Мұнай және газ Департаментінің мұнай және газ кен орындарын игеруді бақылау бөлімі атқарады.

2 . О И К м і н д е т т е р і

Министрлік жөніндегі Ережелерге сәйкес ОИК-нің негізгі міндеттері:

2.1. Мұнай, газ және газды конденсатты кен орындарын игеруді жобалау мен жүзеге асыру, мұнай мен газдың жер асты қойнауларын пайдалану саласына Қазақстан Республикасы территориясында біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу.

2.2. Республиканың мұнайгаз мүмкіндігін тиімді пайдалану, келісім шартымен және жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіздендіру мақсатында мұнай, газ және газды-конденсатты кен орындарын игеруді, әрі мұнай мен газдың жер асты қоймаларының пайдалануын бақылау.

2.3. Қазақстан Республикасы аумағында біртұтас жобалау құжаттарына талаптарды әзірлеу мен орындау, мұнай, газ және газды конденсатты кен орындарын игеру мен пайдаланудың ең тиімді әдістері технологияларын жобаларға енгізуді қамтамасыз етеді.

3 . О И К қ ы з м е т т е р і

Жүктелген міндеттерге сәйкес ОИК мынадай қызметтер атқарады:

3.1. Жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған жұмыс бағдарламаларын сынама пайдалану жобаларын, технологиялық схемаларды, жобаларды, нақтыланған жобаларды игеру және игеруді жетілдірудің, мұнай өндірудің жаңа технологияларын қолдану арқылы мұнай кен орындарын тәжірибелік - кәсіптік игеру жобаларын, газ және газ конденсатты кен орындарын игерудің, мұнай мен газдың жер асты қоймалары пайдаланудың жобалық технологиялық құжаттарын толық сараптауын ұйымдастыру және бекіту.

3.2. Мұнай, газ, конденсат өндіру коэффициентінің техникалық-экономикалық негіздемелерін Мемлекеттік Қор Комиссиясында бекіту үшін сараптамадан өткізу.

3.3. Жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған мұнай, газ және газды конденсатты кен орындарын игерудің ағымды жағдайы бойынша есеп беру мен деректерді талдау мен бағалау.

3.4. Мұнай, газ және газды конденсатты кен орындарын игеруге қатысты нормативті-техникалық құжаттарды, деректерді ОИК-не ұсыну тәртібі, сондай-ақ ресімдеу, мазмұны туралы ережелер мен нұсқауларды әзірлеу.

3.5. Кен орындарын игеру саласы бойынша семинар, кеңестерді дайындау мен өткізуді ұйымдастыру.

4 . О И К қ ұ қ ы қ т а р ы

4.1. Дербес сараптама жүргізу және ОИК-не ұсынылған деректер бойынша қорытынды жасау үшін ғылыми-техникалық, өндірістік кәсіпорындардың, консалтинг фирмаларының білікті мамандарын, қажет болса шет елдік сараптамалары қатыстыру.

4.2. Жер қойнауын пайдаланушылардың, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарынан белгіленген тәртіп бойынша қажетті жобалау, зерттеу және

тәжірибе деректерін алу, атап айтқанда:

- игерудегі және игеруге енгізуге жоспарланған мұнай, газ және конденсат кен орындары мен кеніштерінің жобалау-техникалық құжаттармен қамтамасыз етілуі туралы жылдық ақпарат;

- мұнай мен газ кен орындарының және тәжірибелі өндірістерді игеру барысы туралы жылдық есеп;

- бекітілген технологиялық игеру көрсеткіштерінен ауытқулар бар кен орындары мен кеніштерінен, негізгі себептер мен оны жою жөніндегі шаралар көрсетілген жылдық түсініктеме.

4.3. Мұнай мен газ өндіру бойынша Келісім шартына өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы Құзырлы ұйымдарға ұсыныстар беру.

4.4. Жер қойнауын пайдаланушылардың мұнай және газ кен орындарын игерудің біртұтас ережелерін және ОИК бекіткен технологиялық жобалау құжаттарын орындамаған жағдайда мұнай операцияларын жүргізуді тоқтату немесе тиым салу туралы Құзырлы ұйым мен өзге де тиісті Үкімет мекемелеріне ұсыныс беру.

5. ОИК-де деректерді қарау тәртібі

5.1. ОИК-ның жұмыс жоспарына енгізу үшін жер қойнауын пайдаланушылар технологиялық жобалау құжаттарын қарау жөніндегі арыз деректерін ОИК-ға уақытынан 3 ай бұрын өткізулері тиіс.

5.2. ОИК қарауына және бекітуге технологиялық жобалы құжаттары, игеру әдістері мен жер қойнауын пайдалануға көміртегі шикізаттарын өндіруге және дамытуға қосымша Лицензиясы немесе Лицензиясы бар және Үкіметі Құзырлы ұйымына шарт жасаудағы мәліметтер мен басқа да деректер қабылданады.

5.3. Деректер 5 данадан тұрады және бекітілген түрдегі (1-қосымшадағы) арыз тапсырылады.

5.4. Сонымен қатар ОИК-ға келісім деректері мен технологиялық жобалық құжаттардың жер қойнауын қорғау, экологиялық, тау кен, технологиялық, санитарлық бақылаудың орталық немесе жергілікті ұйымдарымен келісім деректері мен сараптамалары ұсынылады.

5.5. ОИК қабылданған жобалау құжаттарын қарап, егер қойылған талаптарға сәйкес келсе, оларды тәуелсіз сараптамадан өткізуге жібереді.

5.6. ОИК ұсынылған жобалар мен деректерді қарауды мына жағдайларда кейінге қалдыра алады:

- технологиялық құжаттарда қабылданған көмірсутектер қорының мұнай, газ және конденсат жасайтын компоненттерді қоса алғандағы Мемлекеттік баланстың бекіткен қорына сәйкес келмеген жағдайында;

- ұсынылған деректердің "Қазақстан Республикасы мұнай мен газ кен орындарын игерудің Біртұтас Ережелеріне", мұнай мен газ кен орындарын игерудің технологиялық құжаттарын құрастыру бойынша қойылған талаптарға сәйкес келмеген жағдайда.

5.7. Сараптамаларды алғаннан кейін ОИК жұмыс жоспарына сәйкес ұсынылған жобалық технологиялық құжаттарды қарап, бекітеді. ОИК шешімі мәжілісте қарастырған күннен бастап 10 күн ішінде хаттамамен ресімделеді.

5.8. ОИК шешімі мәжіліске қатынасқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Егер мәжіліске ОИК жалпы құрамының 50%-нен көбі қатынасқан болса, комиссия мәжілісі құқылы. Дауыстар тең болған жағдайда төраға етушінің дауысы шешуші рөл атқарады.

ОИК қабылдаған шешімдеріне ОИК-ның өзгертулері мен/немесе қосымша шешімдері енгізілуі мүмкін.

6. ОИК құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдері мен нұсқаулар Қазақстан Республикасы мұнай, газ, газды конденсат кен орындарын игерумен және жобалаумен мұнай, газ, жер асты қойнауларын пайдаланумен айналысатын барлық шаруашылық субъектілерінің, оның ішінде шетелдіктердің де міндетті түрде орындалуына жатады.

ОИК туралы Ережеге 1-қосымша

Қазақстан Республикасы энергетика

мен табиғи ресурстар Министрлігінің
мұнай және газ кен орындарын игеру
жөніндегі Орталық Комиссиясы

ОИК-дегі технологиялық құжаттарды қарау

ӨТІНІШ

1. Кен пайдаланушы
2. Лицензия сериясы, N берілген (пайдаланушы

мерзімі)

Берілген күні.....

Беру мақсаты.....

3.

..... арасындағы

кенді пайдалану шарты

..... бекітілді (мерзімі)

4. Технологиялық құжаттың атауы

.....

5. Технологиялық құжаттың ұйым-игерушінің атауы

.....

Жоба жұмысын енгізу құқығына берілген Лицензияның (куәліктің)

нөмірі, мерзімі және берілген күні.....

.....

.....

Өтінішке технологиялық құжаттың 5 данасы тіркелген.

Технологиялық құжатты ұсынушы

кәсіпорын басшысының қолы, аты-жөні